

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының АНДАТПАСЫ

1. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры туралы негізгі ақпарат

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы отырысында берген тапсырмасы бойынша құрылды. Қорды заңды тұлға ретінде Нұр-Сұлтан қаласының әділет органы 2022 жылғы 14 қаңтарда тіркеді.

Қордың жоғары басқару органы болып он бес мүшеден тұратын Қамқоршылық кеңесі табылады. Атқарушы орган болып 3 мүшеден тұратын Басқарма табылады.

2. Андатпаны әзірлеу үдерісі туралы өзекті ақпарат

Қордың Андатпасы үш мүдделі топтың ұсыныстарының негізінде қалыптастырылды:

1. Коммерциялық емес ұйымдар.

2022 жылдың екі айы (шілде-тамыз) ішінде төменде көрсетілген жұмыстар спектрлерін қамтитын 10 қызмет саласын білдіретін 1 173 коммерциялық емес ұйымдардың жұмыс бабындағы кездесулерін ұйымдастырған жұмыс тобы әрекет етті:

- білім және ғылым;
- дене шынықтыру және спорт;
- денсаулық сақтау;
- қоршаған ортаны қорғау;
- жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету;
- отбасы-демографиялық, жастар саясаты, балалар бастамалары;
- халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына қолдау көрсету;
- еңбекпен қамту, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- мәдениет пен өнерді дамыту;
- азаматтық қоғамды дамыту.

2. Қордың донорлары. 2022 жылдың екі айы ішінде (шілде-тамыз) Қордың аса ірі донорларымен 13 терең сұхбат жүргізілді.

3. Қазақстанның өңірлерінің активі.

2022 жылдың екі айы (шілде-тамыз) ішінде Қордың жетекшілері еліміздің барлық өңірлеріне іссапармен барып, жергілікті өкілдермен және атқарушы органдармен, өңірлік мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлермен, өзге азаматтық белсенділермен кездесулер өткізді.

Қордың Аңдатпасын қалыптастыру үшін тағы бір маңызды аналитикалық тірек ретінде 2022 жылдың шілде-тамыз айларында өткізілген «Қазақстанның ұлттық қайырымдылығы» сауалнамасы болды. Сұхбаткерлердің жалпы саны - 1 041 адам. Олар – коммерциялық емес сектордың өкілдері, мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер.

Аңдатпа құрылымдастырылған жиынтық құжат болып табылады, оған барлық мүдделі тараптардың ұсыныстары мен түсіндірмелері кіреді.

Бірқатар ұсыныстар мен түсіндірмелер Қордың жұмыс үдерістеріне тікелей қатысты болды:

1. Халықпен өзара әрекеттесу тиімділігін арттыру:

1) Қорға өтінім беру алгоритмін қарапайым және түсінікті етіп, бірінші кезекте ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін түсінікті етіп жасау;

2) өтінімді толтырған кезде қиындықтар бар, кейбір тармақшалар қолжетімді емес.

3) ешқандай өтінімдер бермейтін ҮЕҰ-дарды жалпы серіктестік мақсатында Қордың порталында тіркеу мүмкіндігін қарастыру («Көп балалы аналар одағы» ҚҚ);

4) Конференцияны дайындау аясында Қор ҮЕҰ-дармен сәтті әрекеттеседі, ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен Қордың жобалары бойынша секциялық отырыстарды тұрақты негізде өткізу, ұсыныстарды жинау, жүзеге асырылған жобаларды талдау, олардың тиімділігін анықтауды ұйымдастыру;

5) әр өңірде өтінімдерді алдын ала қарастыру және мониторинг жүргізу бойынша комиссия құру. Комиссия тиісті орындарда рұқсат еткен өтінімдерді жергілікті атқарушы органдарға жолдау туралы, ондай-ақ тиісті жерлерде рұқсат етілмеген, жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кірмейтін өтінімдерді Қорға жолдау туралы комиссия құру;

6) Қордың тиімді жұмысы үшін әр өңірден үйлестірушіні сайлау;

7) әр өңірде Қордың филиалдарын ашу.

Қордың ақпараттық ресурстарын жаңарту, сондай-ақ өтінімдермен жұмыс жасау жөніндегі негізгі сайтты да, қосалқы сайтты да жаңарту жоспарланады. Барлық ұсыныстар зерделенеді, Қордың сайтында ҮЕҰ-дармен «Идеялар банкі» форматында өзара әрекеттесу бойынша қосалқы сайтты жасау нұсқасы бар.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың барлық 20 әкімдіктерімен Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Осы Меморандумдардың негізінде Қор өңірлерде жұмысын атқаруды дамытуды жоспарлайды.

2. Қордың ақпараттық жұмысын күшейту:

1) танымал жаңалықтардың порталдары арқылы Қордың жүйелі түрдегі фото-видео есептері, әлеуметтік желілердегі анағұрлым белсенді жұмыс атқару, блогерлерді тарту;

2) Қор қатысқан барлық нысандарда Қордың маңдайшаларын орнату;

3) ақпаратты бірінші кезекте ауылдық елді мекендердің тұрғындарына жеткізудің тиімді әдісін жасау;

4) Қорды республикалық телеарналардан көрсетуді арттыру, соның ішінде сұхбаттасу форматтарын арттыру;

5) көмек алған адамдар туралы ақпаратты жариялау мүмкіндігін қарастыра отырып, Қордың сайтында «есептілік» бөлімін нақтылау және кеңейту.

Қордың жаңартылған Тұжырымдамасының негізінде ағымдағы жылдың соңына дейін Қордың кешенді коммуникациялық стратегиясы (PR) қабылданады.

Сонымен қатар, Қор қызметінің негізгі бағыттарына қатысты жалпы түсіндірмелер айтылды. Қор денсаулық сақтау және білім беру салаларына шамадан тыс назар аударады деген пікірлер бар. Азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуге, әлеуметтік жағдайды жақсартуға екпін жасау қажет. Қорға мәдениетті дамытудың толыққанды бағдарламаларын жүзеге асыру ұсынылды. Бөлек түсіндірмелер төтенше жағдайлар кезінде Қордың көмек көрсетуіне қатысты айтылды. Қор әртүрлі әлеуметтік нысандарды, әсіресе медициналық және реабилитациялық орталықтарды, спорт мекемелерін және спорт-реабилитациялық мекемелерді салудың толыққанды бастамашысына айналуы туралы ұсыныстар көп.

Денсаулық сақтау саласында орфандық (сирек кездесетін) ауруларға бұрынғысынша ерекше назар аударылуда, жалпы Қордың жұмысының бұл бағытын барлық стейкхолдерлер қолдайды. Дәрі құралдарын, соның ішінде Қазақстан Республикасында тіркелмеген, Қазақстандық ұлттық дәрілер формулярына кірмейтін дәрі құралдарын сатып алу жалғастырылуда. Орфандық аурулардың бөлек түрлеріне (Такаясу синдромы, буллездік эпидермолиз, анальгезия және т.б.) назар аудару бойынша ұсыныстар көп.

Қордың Проспектіне енгізілген барлық ұсыныстар мен түсіндірмелерді Қор зейін қойып зерделейді. Әрбір бағыт бойынша Қордың айқындамасы пысықталады, барлық мүдделі тараптар үшін кері байланыс қамтамасыз етіледі.

Азаматтық секторды, қоғамдық бақылауды және волонтерлікті дамыту бойынша бірқатар ұсыныстар:

1) ҮЕҰ қызметін қолдау, соның ішінде қаржылық қолдау;

2) «ҮЕҰ үйлерін» ашу үшін, атап айтсақ, Ақтөбе облысында ашу үшін қаржылық көмек көрсету;

3) қашық аудандар мен ауылдарда жастар ұйымдарының жобаларын дамыту;

4) әкімдіктермен ашық диалог жүргізу арқылы, жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыру мақсатында кездесулер, конкурстар, пікірталастар өткізу арқылы балалар мен жастарды өз ауылдарын басқаруға енгізу жөніндегі бастама жобаларды қаржыландыру;

5) мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы мемлекеттік органдардың қызметін қоғамдық бақылауды ұйымдастыру, әлеуметтік өмірдің осы салалары халықты қанағаттандыратынына жыл сайын мониторинг жүргізу;

6) ЖОО-лар мен мектептердің негізінде волонтерлерді оқыту қажет.

Осы мәселелер Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының және Ұлттық волонтерлік желінің қатысуымен талқылануы тиіс деп пайымдаймыз.

Сондай-ақ Қордың әлеуметтік кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге қатысу ниеті жайлы айтылды. Алайда, осы кезеңде келешекті және көп үміт күттіретін бағыт Қордың қызметінің басым бағыттары қатарына кіре алмайды деп есептейміз. Қайырымдылықтың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етудің әлеуметтік кәсіпкерлікпен сабақтас басқа анағұрлым маңызды құрал – эндаумент немесе мақсатты капитал. Бөлек бағыттар бойынша оны жүзеге асырудың нұсқаларын Қор жақын арада сынамайтын болады.

Зерттеу жобаларының қажеттілігі туралы ұсыныстарды бөлек блокпен атап өтуге болады. Зерттеулер – қызметтің маңызды элементі екенін, білім жинау және эксперимент жүргізу құралы екенін, шешімдерді қабылдаудағы таптырмас көмекші екенін, дәлелдеме үшін және нұсқаларды таңдау үшін негіз екенін Қор түсінеді. Сондықтан тиісті жобалар биыл қарастырылатын болады.

3. Қордың мүдделі топтарының (стейкхолдерлердің) ұсыныстары

Стейкхолдерлер:

- 1) ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар;
- 2) ҚД – Қордың донорлары;
- 3) СТ – сарапшылар тобы;
- 4) ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;
- 5) МҚҚ – өңірлердегі мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлер.

№	Бөлім		Стейкхолдерлердің ұсыныстары	Қордың нақты шаралары
	Атауы	Сипаттамасы		
1.	Орфандық (сирек кездесетін) аурулар	Орфандық (сирек кездесетін) ауруларды тиімді емдеуге, соның ішінде дәрі құралдарына, вакциналарға, медициналық аспаптарға, диагностикалау құралдарына,	ҮЕҰ: 1) орфандық аурулар бойынша жобалар басымдықта болуы тиіс; 2) диагностикалау және орфандық ауруларды анықтау мәселесі; 3) буллездік эпидермолиз ауруына	1),2),3),5) орфандық ауруларды диагностикалау, соның ішінде толық геномдық диагностикалау саласындағы мәселелері сұрақтарды зерделеу; 4),6) Қор сатып алу міндеттемесін өз

		қосалқы құралдарға, жасушалық және генетикалық терапия құралдарына және басқа медициналық технологияларға қолжетімдікті кеңейту.	шалдыққан балалардың арасындағы толық геномдық ауруды диагностикалау; 4) миастенияға шалдыққан науқас балаларды дәрімен қамтамасыз ету; 5) орфандық аурулардың тізбесіне енгізілмеген «туа біткен анальгезия» сирек ауруына шалдыққан балалардың өтінімін қарастыру. ЖАО: 6) сирек орфандық ауруларға шалдыққан балаларды қаржыландыруға ықпал ету; 7) орфандық ауруларды емдейтін медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыруға гранттар бөлу.	мойнына алатын дәрі құралдарының тізбесін Министрлікпен бірге пысықтау. Дәрі құралдарын есептік көлемде алдын ала сатып алу механизмдерін пысықтау; 4),6) «СК-Фармация» ЖШС үшін дәрі құралдарын сатып алуға Қордың гранттарын беру мәселесін балама ретінде пысықтау; 7) «Медициналық кадрлардың әлеуеті» бөлімінің аясында қарастыру.
2.	Онкология	Онкологиялық аурулар жүйелі түрде кездеседі және адамның барлық мүшелері мен жүйесі осы аурудың әсеріне шалдығуы ықтимал. ДСҰ-ң деректері бойынша онкологиялық аурулар әлемдегі өлімнің негізгі себептерінің бірі болып табылады, қайтыс болған әрбір алтыншы адам осы аурумен ауырған.	ҮЕҰ: 1) онкологиялық ауруға шалдыққан балалар мен ересектер үшін материалдық-техникалық база қажет; 2) онкологияға және С гепатитіне шалдыққан балалар бойынша мәселелер бар; 3) халықтың арасында балалар онкологиясымен байланысты мәселелер; 4) 15 жастан асқан және ремиссияға шыққан онкологиялық науқас балаларға қолдау көрсету. ҚД: 5) Қазақстанда онкологияға ядролық терапия жүргізетін үш орталық бар, жақын жылдары тағы екі орталық ашылады. Алайда нейтрондық-изотоптық терапияға ерекше көңіл аударылады. Протондық терапия сәулелік терапияның анағұрлым қауіпсіз және озық түрі болып табылады, алайда Нұр-Сұлтан қаласында салынатын	1)-4) онкологиялық ауруларға шалдыққан науқастарға диагностикалық және емдеу көмегін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының жабдықтары мен құрал-саймандарына қажеттілік туралы ақпаратты Денсаулық сақтау министрлігімен бірге пысықтау; - жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша «Онкологиялық орталықтарды жабдықтау» жобасын ұйымдардың нақты тізбесімен бірге әзірлеу; 3)-4) зерттеулер жүргізу үшін гранттар бөлу мүмкіндігін зерделеу, сондай-ақ онкологиялық аурулардың профилактикасына қатысты басқа механизмдерді қарастыру; 5) «Медицина ұйымдарын жабдықтармен қамту» бөлімінің аясында Қордың серіктестігі.

			Протондық терапия орталығы жалғыз болады. Осыған байланысты Ақтөбе қаласында Протондық терапия орталығын салу бойынша бастама бар. Қорға осы үдеріске қатысу ұсынылады.	
3.	Орфандық ауруларды ескермегенде, азаматтардың бөлек санаттарына дәрілік көмек көрсету	Қазақстанда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің нақты стратегиясы жоқ. Үкімет үшін ұсыныстарды жасау негізгі шара болады. Дегенмен, Қор Қазақстандық ұлттық дәрілер формулярына енгізілген бөлек дәрілерді жағдаятты сатып алуды ұсынды.	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) қымбат дәрілерге, соның ішінде мемлекет қамтамасыз етпейтін дәрілерге қатысты мәселе бар;</p> <p>2) дәрімен қамтамасыз ету бойынша бағдарламалар жоқ;</p> <p>3) иммундық глобулиндер бойынша жедел дәрілік көмек көрсету механизмін әзірлеу.</p> <p>ЖАО:</p> <p>4) онкологиялық ауруларға шалдыққан медицина қызметкерлеріне дәрі-дәрмекпен қолдау көрсетуді күшейту;</p> <p>5) халықтың сұранысына сәйкес медициналық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету механизмдерін жеңілдету. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде өңірде ауруға шалдығу көрсеткіштері басым болады. Қор бағыттарына сирек аурулардан бөлек, әр өңірдің ерекшеліктеріне сәйкес келетін диагноздар енгізілді.</p>	<p>1)-5) халықты дәрімен қамту мәселесі жақын жылдары шешілмейтін дәрі құралдарының тізбесін Денсаулық сақтау министрлігімен, әкімдіктермен және өзге мүдделі медицина ұйымдарымен және ҮЕҰ-мен бірге пысықтау;</p> <p>- дәрілерді, фармацевтикалық логистиканы, алушылардың тізімін және өткізу механизміне қатысты сатып алу мәселелерін егжей-тегжейлі пысықтау;</p> <p>- жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша «Дәрімен қамтамасыз ету» бағдарламасын әзірлеу.</p>
4.	Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу	Шетелде емделуге мүмкіндігі жоқ Қазақстан Республикасының азаматтарын медициналық емес себептер бойынша тегін медициналық көмек көрсетудің кепілді көлемінің аясында шетелге емделуге жіберу бойынша шығындарды толық немесе ішінара өтеу.	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) көмек көрсету механизмдерін жетілдіру, не болмаса Қазақстанда шетелден көмекті ұйымдастыру;</p> <p>2) миастенияға шалдыққан балаларды шетелге жіберу механизмі қажет.</p> <p>ЖАО:</p> <p>3) орфандық ауруларға шалдыққан балалар мен ересектерге шетелде көрсетілетін медициналық қызметтердің ақысын төлеу;</p>	<p>1) аурулардың тізбесін кеңейту бойынша, еңбек жағдайлары мен үлгілік шарттың өзгерістері бойынша заңнаманы қайта қарастыру мәселесін «Қазақстан Республикасының Үкіметіне әлеуметтік дамудың өзекті мәселелері бойынша жүгіну» бағыты бойынша қорытынды құжатқа енгізу;</p> <p>1)-4) нақты критерийлері бар және</p>

		Республикалық денсаулық сақтау ұйымының емделушіні шетелге жіберу қажеттілігі туралы шешімі және осы технология Қазақстанның бір де бір денсаулық сақтау ұйымында орындалмайтынының растамасы міндетті түрде болуы тиіс.	4) сирек және күрделі диагноздар бойынша шетелде емделу мен реабилитацияға мұқтаж мүгедек азаматтарға қаражат бөлу.	ауру түрлеріне шалдыққан азаматтарды шетелге емдеуге жіберу бойынша Қордың бағдарламасын әзірлеу; - қазақстандық мамандарды оқыту мүмкіндігіне екпін жасай отырып, науқастарды қазақстандық медицина ұйымдарында емдеу үшін шетелдік мамандарды тарту.
5.	Медициналық кадрлардың әлеуеті	Денсаулық сақтау ұйымының тәжірибесі көрсеткендей, денсаулық сақтау жүйелерінің тиімділігін арттыруға қатысты шаралардың арасында кадрларды басқару саласындағы әрекеттер айтарлықтай жетістікке жетеді. Қазақстанда медициналық кадрлардың біліктілігі мен тапшылығына қатысты мәселелер теңгерімсіздіктің салдарынан ушығады, себебі қалалармен салыстырғанда ауылдық жерлерде білікті медицина қызметкерлері тапшы.	ҮЕҰ: 1) кадрлардың үлкен ағымының мәселесі; 2) қызметкерлер бойынша және оларды оқыту бойынша қолдау қажет; 3) дәрігерлердің біліктілігін арттыру мәселесі бар; 4) медициналық кадрлардың әлеуетін арттыру жөніндегі білім беру жобалары (шебер-сыныптар, семинарлар); 5) ретинобластоманы емдеу бойынша дәрігерлердің Швейцариядағы Мунье дәрігерінен білім алуы. ЖАО: 6) тамырларды емдеумен айналысатын мамандарды дайындау; 7) ЖИТС/АИТВ, инсульт сияқты және т.б. туа біткен ауруларды емдеу үшін мамандарды дайындау.	1)-7) Қордың денсаулық сақтау саласындағы барлық бағдарламалары мен жобаларында, бірінші кезекте «Медицина ұйымдарын жабдықтармен қамту» бағытында дәрігерлерді оқытумен байланысты компонент болуы тиіс. 1)-4, 6)-7) шебер-сыныптарды ұйымдастыру мәселесін және медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа нысандарын пысықтау; 5) Денсаулық сақтау министрлігінің, медицина ұйымдарының және медициналық ЖОО-ң қазақстандық медициналық кадрларды шетелге оқуға жіберуге қатысты бастамаларын қолдау.
6.	Медициналық диагностика	Ауруларды ерте диагностикалау оларды профилактикалаудың тиімді әдістерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Медициналық диагностиканы дамыту емделушіге нақты қажет	ҮЕҰ: 1) балалардың мүгедектігін кеш диагностикалау; 2) сәулелік диагностика және рентгенология бойынша робот техникасын дамыту; 3) генетикалық ауруларға кұрсақта диагностика жасау;	1)-4) медицина ұйымдарының медициналық диагностикалық жабдыққа деген қажеттілігі туралы ақпараты мен өтінімдерін пысықтау; - жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша медицина ұйымдарын медициналық

		емдеу әдісі тағайындалатын дербестендірілген қағидаға ауысудың басты механизмі болып табылады.	4) аутизм спектріндегі бұзылымдарды тесттік диагностикалаудың халықаралық «алтын стандарты» болып табылатын «Ados» жабдығын сатып алу.	диагностикалық жабдықтармен, жабдықтың нақты түрлерімен және алушы-ұйымдардың тізбесімен қамту бойынша жобаларды қалыптастыру.
7.	Медициналық аналитика	Құндылыққа бағдарланған денсаулық сақтауды дамытуға ықпал ететін аналитикалық зерттеулер	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) көмек көрсетудің алдын алу шаралары үшін профилактика мен аналитиканы дамыту қажет;</p> <p>2) Қордың ресурстарын негіздеу мен оңтайлы пайдаланудың дәлелді медицинаның қағидаларына ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін инновациялық әдістерді, зерттемелерді, технологиялар мен дәрі құралдарын қаржыландыру бойынша өтінімдерді қарастыру механизміне денсаулық сақтау технологияларын бағалау әдістемесін енгізу.</p> <p>ЖАО:</p> <p>3) емдеу – салдармен күресу. Әртүрлі аурулардың ұлғаюына байланысты себептерін анықтау үшін зерттеу жобалары қажет;</p> <p>4) «әйелдер» ауруларының саны ұлғаюда, екі облыста (Қызылорда, Қостанай облыстары) айтарлықтай ұлғайған. Аурулардың осы және басқа түрлерімен байланысты зерттеулер қажет.</p>	1)-4) медициналық аналитика саласында зерттеулер жүргізу үшін гранттар бөлу мүмкіндігін зерделеу.
8.	Қайтыс болғаннан кейін дене мүшелерінің (дене мүшесінің бір бөлігін) және ұлпаларды (ұлпаның бір	Қайтыс болғаннан кейінгі донорлық – қайтыс болғаннан кейін өз дене мүшелерін басқа науқастарға тегін қалдыру. Статистикаға сүйенсек, трансплантацияны күтіп жүрген әрбір оныншы науқас	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексіне ҚР-да мәйіттің донорлығын дамытуға қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бастамалау қажеттілігі туралы ҚР Үкіметіне ұсыныстар енгізу;</p>	1)-3) «Қазақстан Республикасының Үкіметіне әлеуметтік дамудың өзекті мәселелері бойынша жүгіну» бағыты бойынша қорытынды құжатқа енгізу.

	бөлігін) донорлық ету	оған жетпей қайтыс болады.	2) қайтқан адамның мүшелерінің донорлығын дамыту мақсатында және донордың туыстарын уәждеу үшін донордың отбасына/жақын туыстарына материалдық көмек бөлу мүмкіндігін қарастыру. ЖАО: 3) мәйіттің донордық үдерісін бюрократиясыздандыру.	
9.	Аурулардың бөлек түрлері	Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) жаһандық қоғамдық денсаулық сақтау саласының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Көру жүйкесінің семуі – көздің торлы қабықшасынан бас миына көру импульстерін жіберу сияқты маңызды атқарымды орындайтын жүйке талшықтарының ішінара немесе толық бұзылуымен сипатталатын офтальмологиялық ауру.	ҮЕҰ: 1) жатырда АИТВ жұққан 2 жасқа дейінгі балаларға Қор қандай көмек көрсете алады? 2) АИТВ ауруына шалдыққан балаларды қолдау бағдарламасы бойынша өтінімді қарастыру; 3) көру жүйкесінің атрофиясына шалдыққан балаларға көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру.	1)-3) Қордың бағдарламалары мен жобаларына критерийлерді енгізу мәнін, көмек көрсету нұсқаларын зерделеу (қайырымдылық алушылардың мақсатты тобы).
10.	Медициналық ұйымдарды жабдықтармен қамтамасыз ету	Денсаулық сақтау ұйымдарын мынадай екі критерийге сәйкес келетін заманауи медициналық жабдықтың бөлек түрлерімен жабдықтау: 1) медициналық ұйымдарды жабдықтау жөніндегі мемлекеттік жоспарлармен қосарлануға жол бермеу; 2) тапшылығы айтарлықтай	ҮЕҰ: 1) мемлекеттік ауруханаларды сараптамалық класты УДЗ-аппараттарымен жабдықтау; 2) сот-медицина сараптамасы үшін жабдықтарды сатып алу; 3) заманауи гемодиализ аппараттарын сатып алу; 4) «Томатис» терапиясы үшін жабдықтарды сатып алу;	1)-9) сұратылатын жабдықтың өзектілік мәселесін Денсаулық сақтау министрлігімен пысықтау; - медициналық ұйымдарды жабдықтармен қамту аясындағы серіктестік туралы ҮЕҰ-ң бастамалары мен ұсыныстарын қарастыру (өндірушілер мен олардың ресми дистрибьютерлерін ҚР аумағында іздеу, жабдықта

		<p>тәуекелге әкеп соғатын немесе ұлттың денсаулығына айтарлықтай пайда тигізетін жабдықтардың саласында мойындалған және жоғары технологиялық жабдықтарды сатып алу.</p>	<p>5) донорлық орталықтарды техникалық жабдықтау. ЖАО: 6) тамырларды емдеу үшін жабдықтарды сатып алу; 7) онкологиялық аурулардың ерте нысандарын емдеу үшін «HiFU терапиясы» жобасы үшін жабдықтарды сатып алу; 8) қашық ауылдық аудандарда орналасқан медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша бағдарламаны әзірлеу.</p>	<p>жұмыс жасау бойынша мамандарды анықтау, қажеттіліктерді мемлекеттік органдармен келісу және нақтылау); - ҮЕҰ-мен серіктестік мүмкін болмаған жағдайда медициналық жабдықтарды өндірушілер мен тікелей дистрибьютерлерден өз бетінше сатып алу мәселелерін пысықтау; - жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша медициналық ұйымдарды жабдықпен қамту бойынша жобаларды әзірлеу.</p>
11.	Медициналық-әлеуметтік реабилитация ұйымдарын жабдықтау	<p>Кешенді реабилитацияның аса маңызды элементі болып реабилитациялық іс-шараларды орындау сапасын бақылау табылады, соған байланысты мамандандырылған орталықтарды ұйымдастыру ықпалды құрал болып табылады.</p>	<p>ҮЕҰ: 1) медициналық, психологиялық-әлеуметтік және кәсіптік реабилитациялау мәселелері бар; 2) менталдық бұзылымдары бар ересек адамдар үшін реабилитациялық орталықты ашу мүмкіндігін қарастыру; 3) Ақтөбе қаласында тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп үшін иппо-жаттығу құрылғысын сатып алу; 4) ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін Алматы қаласында реабилитациялау орталығының «Кенес» бағдарламасын барлық өңірлерге масштабтау қажет.</p>	<p>1)-4) ерекше қажеттілік бар қалалар мен ауылдық елді мекендерде реабилитациялау орталықтарын ҮЕҰ-ң қолдауымен және жергілікті атқарушы органдардың өзара әрекеттесуі арқылы белсенді дамытуға тікелей қатысу.</p>
12.	Мүмкіндіктері шектеулі азаматтарды техникалық реабилитациялау құралдарымен	<p>Реабилитациялаудың техникалық құралдарына (РТҚ) техникалық шешімдерден тұратын құрылғылар, соның ішінде адам тіршілігінің тұрақты</p>	<p>ҮЕҰ: 1) РТҚ туралы өтінімдерді қанағаттандыру үшін және әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау жүйесіне одан әрі табыстау үшін РТҚ-ң қажеттіліктерін бағалау және іріктеу жүйесінің моделін</p>	<p>1) РТҚ-ң қажеттіліктерін бағалау және іріктеу бойынша зерттеулер жүргізу үшін гранттар бөлу мүмкіндігін зерделеу; 2) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп</p>

	қамтамасыз ету	шектеулерін өтеу немесе болдырмау үшін пайдаланылатын арнайы құрылғылар жатады.	жасау (мамандарды оқыту); 2) қымбат РТҚ жалға беру бойынша паркті ашу.	құрылған жұмыс тобының қызметінің аясында РТҚ паркін ашу бойынша жобаны қалыптастыру мәселесін пысықтау.
13.	Аутизм	Аутизм – бұл бас миының даму ерекшеліктерімен айрықшаланған патологиялық күйлердің әртүрлі тобы. Қазақстанда аутизмдік спектрдегі ауытқулары бар балалар көп анықталуда. Соңғы 13 жыл ішінде аутизм спектріндегі балалардың саны 2008 жылы 37 баладан басталса, 2020 жылы 750 балаға жетті.	ҮЕҰ: 1) қызмет көрсетілетін балалардың санын арттыру арқылы аутизмге шалдыққан балалар үшін орталықтарды жабдықтау бойынша қаржыландыруды арттыру. ЖАО: 2) «Аутизмге шалдыққан балаларға қолдау көрсету орталығы» коммуналдық мекемесі үшін арнайы жабдықты сатып алу; 3) ауылдық аудандарда, атап айтсақ, Ұлытау облысының Жаңаарқа ауданында аутизмге шалдыққан балалар үшін реабилитациялық орталықты ашу мүмкіндігін қарастыру (ғимарат пен психологтар бар); 4) аутизмге және басқа ауруларға шалдыққан балаларға арналған орталықтар үшін мамандарды дайындау. Кадрлардың тапшылығы жоғары. 5) аутизмге шалдыққан балалардың саны жыл сайын артып келеді, бірақ сонымен қатар емдеудің әртүрлі әдістері туындады. Біз емдеудің америкалық әдісі туралы білгіміз келеді.	1)-3) Қордың «Аутизмге шалдыққан және басқа менталдық бұзылымдары бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтау» жобасын жүзеге асыру тәжірибесін ескере отырып, аутизмге шалдыққан және басқа менталдық бұзылымдары бар балаларға арналған орталықтарды материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бағдарламаны пысықтау мен жүзеге асыруды жалғастыру; 4) менталдық бұзылымдар бойынша мамандарды енгізу арқылы «Реабилитология саласындағы мамандарды оқыту» бағдарламасын әзірлеу мүмкіндігін зерделеу; 5) аутизм бойынша зерттеулер үшін грант бөлу мүмкіндігін зерделеу.
14.	Паллиативтік көмек	Паллиативтік көмек – ауыр ауруларға және емделуге келмейтін ауруларға (күйлерге) шалдыққан емделушілердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің және оларға күтім жасайтын тұлғалардың, соларың	ҮЕҰ: 1) орындарда паллиативтік көмек көрсету үшін өңірлерде жабдықтауға арналған қоймалар қажет; 2) паллиативтік көмек көрсету бойынша бағдарламалар жоқ; 3) паллиативтік көмек көрсету бойынша зерттеулер қажет;	1),2) өңірлерде паллиативтік көмек көрсету үшін жабдықтар паркін ашу бойынша жобаны қалыптастыру мәселесін ҮЕҰ-дармен және әкімдіктермен пысықтау; 3) паллиативтік көмек бойынша зерттеулер жүргізу үшін грант бөлу мүмкіндігін зерделеу;

		арасында медициналық және арнайы медициналық қызметтерді көрсететін, рухани қолдау көрсететін тұлғалардың өмірінің сапасын жақсартуға бағытталған қызметтердің кешені.	4) жазылмайтын дертке шалдыққан балаларға көмек қажет.	4) балаларға паллиативтік көмек көрсету бойынша бөлек жобаны жасау мәселесін пысықтау.
15.	Мүмкіндіктері шектеулі азаматтарды әлеуметтендіру	Мүмкіндіктері шектеулі адамдар стигматизация мен кемсітушілікке аса көп ұшырайды және қоғамның қалған мүшелерінен жиі оқшауланады.	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) мұқтаж балаларға сапалы мамандандырылған арбаларды сатып алу үшін қаржыны ішінара өтеу мүмкіндігін мемлекетпен бірлесіп қарастыру;</p> <p>2) ерекше қабілеттері бар 18-26 жастағы жастар үшін өз бетінше өмір сүру дағдыларын дамыту бойынша жобаны қарастыру;</p> <p>3) ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін кәсіптік бағдар мүмкіндігін жасау;</p> <p>4) мүмкіндіктері шектеулі балаларды жасөспірімдік кезеңде әлеуметтендіру қажет;</p> <p>5) мүгедектердің бір-бірімен кездесулері үшін ойын-сауық клубтарын жасау;</p> <p>6) менталдық бұзылымдары бар балалардың ата-аналарының психологиялық ыңғайын көтеру жөніндегі жоба.</p> <p>МҚҚ:</p> <p>7) ерекше қажеттіліктері бар балаларға музыканы үйрету мүмкіндігін қарастыру.</p> <p>ЖАО:</p> <p>8) мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік-мәдени нысандарға баруы үшін жан басына қаржыландыруын қарастыру;</p> <p>9) мүгедек балаларды тәрбиелейтін ата-аналарға психологиялық көмек көрсету</p>	<p>Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп құрылатын жұмыс тобының қызметінің аясында мыналар пысықталуы тиіс:</p> <p>1) азаматтарды анағұрлым сапалы және заманауи протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету мүмкіндігі;</p> <p>2–10) кәсіптік бағдар деңгейін, өмірдегі заманауи дағдылар мен біліктілікті арттыру мақсатында мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтендіру бойынша бағдарламаларды қалыптастыру мәселесі.</p> <p>4)-9) «Қоғамдық орталықтарды дамыту» бағдарламасын әзірлеген кезде мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың қажеттіліктерін ескеру;</p> <p>- ҮЕҰ-дар мен бизнестің мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіптік қайта даярлау бойынша бастамаларын қолдау.</p>

			мақсатында оларға арналған Жедел желі қызметінің жобасы; 10) мүмкіндіктері шектеулі мектеп оқушыларын ерте кәсіптік бағдарлау жобалары.	
16.	Бейімді дене шынықтыру және спорт	Бейімді дене шынықтыру дене қабілеттері мен зияткерлік қабілеттерді өтеуге, кейде тіпті қалпына келтіруге көмектеседі, ағзаның атқарымдық күйін арттыруға, дененің қасиеттерін арттыруға, адам ағзасының психологиялық-эмоциялық төзімділігін және бейімделу резервтерін жақсартуға ықпал етеді.	ҮЕҰ: 1) мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін бүкіл Қазақстан бойынша спорттық кешендер қажет; 2) мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін спорттық нысандардың қолжетімдігін қамтамасыз ету; 3) мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін халықаралық стандарттарға сәйкес келетін көп атқарымды спорт кешендерін салу (соның ішінде Алматы облысының Қарасай ауданы, Тараз қаласы бойынша ұсыныстар); 4) бейімді және инклюзивті спортты қаржыландыру мәселесі бар; 5) ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін бейімді спорт бойынша бағдарлама жасау (соның ішінде Ақтөбе облысы бойынша ұсыныс); 6) паралимпиялық спортты дамыту қажет; 7) паралимпиялық спорт пен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған спорт арасында нақты шекаралар қажет. ЖАО: 8) мүмкіндіктері шектеулі балалардың спорт нысандарына бару мүмкіндігі үшін жан басын қаржыландыруды қарастыру; 9) қашық ауылдық елді мекендерде спорттық-реабилитациялық кешендерді салу; 10) Қарағанды қаласындағы спорттық-	1)-3),9)-13) шағын қалалар мен ауылдық елді мекендердегі спорттық залдар мен ғимараттарды материалдық-техникалық жабдықтау және дамыту бойынша бағдарламаны әзірлеген және жүзеге асырған кезде жаттықтырушылар құрамын дайындау үшін жабдықтар мен құрал-саймандарға деген қажеттіліктерді ескеретін бөлек блок және бейімді спорт орталықтарының өзге ерекшеліктері қарастырылуы тиіс; 4)-8) «Қазақстан Республикасының Үкіметіне әлеуметтік дамудың өзекті мәселелері бойынша жүгіну» бөлімі бойынша қорытынды құжатқа енгізу.

			инклюзивтік залды церебраль салына шалдыққан адамдарға арналған жаттығу құрылғыларымен жабдықтау; 11) Қарағанды облысында жүзу бассейндерін мүмкіндіктері шектеулі адамдардың суға сүңгуіне арналған көтергіш құрылғыларымен жабдықтау; 12) Талдықорған қаласында мүгедектерге арналған спорттық-реабилитациялық орталықты жабдықтау; 13) Қарағанды қаласында мүмкіндіктері шектеулі спортшылар үшін оқпен атуды дамыту мақсатында спорттық құрал-сайманмен және жабдықпен қамтамасыз ету.	
17.	Балалар лагерьлері, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған лагерьлер	Балалар лагерьі – мектепте демалыс болған кезде балалардың демалысын ұйымдастырудың ең көп тараған тәсілі.	ЖАО: 1) мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін лагерьді жыл бойы ашу; 2) Қарқаралы қаласында балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды сауықтыру үшін лагерьді жөндеу және жабдықтау; 3) балаларды «Робинзон» шатырлы лагерьінің аумағында жыл бойы қабылдайтын сауықтыру орталығын салу (Түркістан облысы).	1)-3) мүмкіндіктері шектеулі балалардың арасынан балалардың бөлек санаты үшін лагерьлердің қызметтерінің, соның ішінде көліктік қызметтердің ақысын төлеу қарастырылатын жобаны әзірлеу.
18.	Арнайы денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтау	«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» ҚР заңына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдары - мүмкіндігі шектеулі балалардың диагностикасы және консультациялар алуы, оларды психологиялық-	ҮЕҰ: 1) ауылдық аудандарда коррекциялаудың дайын кабинеттерін ашу және қосымша жабдықтау мүмкіндігін қарастыру; 2) арнайы мектептік білім беру ұйымдарын оқу, коррекциялық және реабилитациялық жабдықпен жабдықтау бойынша қаржыландыруға қатысу; 3) арнайы білім беру ұйымдары үшін көп	1)-3) Қордың «Арнайы мектептерді жабдықтау» және «Ерте араласу орталықтарын жабдықтау» жобаларын жүзеге асыру тәжірибесін ескере отырып, барлық арнайы білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтау бойынша бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруды жалғастыру.

		педагогикалық қолдау, оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, балалар бақшалары, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар.	атқарымды спорт корттарын иелену.	
19.	Азаматтардың бөлек санаттарына баламалы әлеуметтік қолдау көрсету	Әлеуметтік қолдау көрсетудің негізгі шаралары ретінде ақшалай (атаулы әлеуметтік көмек, өзге жәрдемақылар мен төлемдер) және өзге материалдық көмек көрсету (азық-түлік себеті қызметтердің төлемін өтеу, қоғамдық көлікте тегін жүру) есептеледі. Баламалы әлеуметтік қолдау шараларына «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР заңына сәйкес азаматтардың бөлек санаттарына көрсетілетін арнайы әлеуметтік қызметтерді жатқызуға болады. Мұндай жұмысқа ҮЕК мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесі арқылы тартылады.	ҮЕҰ: 1) баламалы әлеуметтік қолдау көрсету бойынша қызметтерді көрсету мүмкіндігін егжей-тегжейлі қарастыру; 2) басқа елдердің мысалдарында мемлекеттік сектордың атқарымдарын қайталамау және әлеуметтік қолдаудың баламалы әдістерін қолдану бойынша ҮЕҰ-дарға ықпал ету; 3) қашық өңірлердегі адамдарға баламалы әлеуметтік қолдау көрсетуді анағұрлым қолжетімді ету; 4) халыққа әлеуметтік қызметтер көрсетуді шектеу, қажеттіліктерді талдау, ҚР аумағында қызметтерді карталау; 5) шынайы әлеуметтік қызметтерді жасау үшін жүйелі тәсілдемелерді шығаруға мемлекеттік жүйенің ықпал ету; 6) әлеуметтік қызметтерді көрсеткен кезде қажеттіліктерді бағалау моделін жасау; 7) диагностикалау және профилактика жағынан атаулы көмекті кеңейту мүмкіндігін қарастыру;	1)-9) азаматтарға баламалы әлеуметтік қолдау көрсету саласында зерттеулер жүргізу үшін гранттар беру мүмкіндігін зерделеу; 8)-15) бейінді ҮЕҰ-дармен, әкімдіктермен бірлесе отырып, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың жабдықтар мен құрал-саймандарға деген қажеттіліктерін анықтау; - атқарылған жұмыстың қорытындылары бойынша арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау бағдарламасын әзірлеу; - осы ұйымдардың қызметкерлері үшін шебер-сыныптарды және өзге оқу нысандарын ұйымдастыру бойынша ҮЕҰ-лардың бастамаларын қарастыру; - «Реабилитология саласындағы мамандарды оқыту» бағдарламасын

			<p>8) менталдық бұзылымдары бар азаматтарға қолдау көрсету үшін қолдау көрсету және инфрақұрылымды жасау. Көмек көрсету әдіснамасын пысықтау және адамдарға күтім жасайтын мамандардың санын арттыру;</p> <p>9) тәжірибені зерделеу және қолдану мақсатында және осы әлеуметтік қызметтерді дамыту жобалары түрінде ұсыныстарды дайындау үшін әрекет етуші әлеуметтік қызметтерді талдау;</p> <p>10) қиын өмірлік жағдайда қалған адамдар үшін уақытша тұру орындарын жасау мүмкіндігін қарастыру;</p> <p>11) қиын өмірлік жағдайда тап болған отбасыларға арналған қонақ үйлерді кеңейту жөніндегі жобаға қолдау көрсету;</p> <p>12) әлеуметтік жұмысты дамытудың ұлттық орталығын (институтын) құру мүмкіндігін қарастыру;</p> <p>13) ауыр өмірлік жағдайға (АӨЖ) тап болған балаларға және олардың ата-аналарына (АӨЖ-ға ұшыраған жалғыз басты әкелер мен аналарға) арналған арнайы бағдарламаны әзірлеу;</p> <p>14) мүгедектерге арналған такси жобасына қолдау көрсету.</p> <p>ЖАО:</p> <p>15) мүгедектігі бар тұлғаларға әлеуметтік-құқықтық қызметтер көрсету.</p>	<p>әзірлеу мүмкіндігін зерделеу, оған осы ұйымдардың мамандарын енгізу.</p>
20.	Азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша бөлек ұсыныстар	Әлеуметтік қолдау көрсету – бұл азаматтың немесе оның отбасы мүшелерінің тіршілік қабілетін сақтау және күшейту бойынша шаралардың,	<p>ЖАО</p> <p>1) көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету (мектеп формаларын, азық-түліктер беру);</p> <p>2) көп балалы, аз қамтылған отбасылардан</p>	<p>1)-9) Қордың осы бағытқа қатысу ықтималының нұсқаларын зерделеу;</p> <p>1)-5) Қордың бағдарламаларына және жобаларына критерий ретінде енгізуді зерделеу (қайырымдылық</p>

		қалыпты өмір сүруді қамтамасыз етуге ықпал ету шараларының кешені.	шыққан, ЖОО-лар мен колледждерде оқитын жастарға берілетін жатақхананың ақысын өтеу; 3) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандарына айналған (балалары бар) әйелдердің уақытша тұруы үшін заманауи дағдарыс орталықтарын ашу; 4) жетім балаларға, қамқоршыларына, патронатты тәрбиешілеріне қолдау көрсету, оларға өз бизнесін ашу үшін қаражат бөлу; 5) ауған соғысының ардагерлеріне көмек көрсету, соның ішінде медициналық сақандыру көмегін көрсету үшін көмектесу; 6) жарақаттарының және/немесе ауруларының салдарынан мүгедекке айналуына байланысты еңбекке жарамды санаттағы мүгедектігі бар тұлғаларға екінші жоғары білім беру құнын субсидиялау; 7) «Ойсана» психологиялық көмек көрсету орталығының жұмысын масштабтау; 8) мүмкіндіктері бар тұлғаларды кәсіптік реабилитациялау бойынша «AmanZhol и К» жобасын масштабтау; 9) мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер үшін «Мейірім» реабилитациялық орталығының тәжірибесін кеңейту.	алушылардың мақсатты тобы).
21.	Отбасы типіндегі балалар ауылдары және жасөспірімдер үйлері	Отбасы типіндегі балалар ауылдары және жасөспірімдер үйлері мүгедек балалардың және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалардың отбасыда өмір сүру және тәрбиелену құқығын, сондай-ақ оларды	ҮЕҰ: 1) отбасы типіндегі балалар ауылдары үшін көліктің мәселесі бар.	1) осы ұйымдардың жабдықтар мне құрал-саймандарға деген қажеттілігі мен ортақ тізбесін анықтау және алынған ақпараттың негізінде материалдық-техникалық көмек көрсету шараларын белгілеу.

		адамгершілік-рухани, еңбекпен тәрбиелеу және білім беру құқығын жан-жақты қамтамасыз ету мақсатында құрылады.		
22.	Мектептердегі психологиялық-әлеуметтік факторлар	Психологиялық қауіпсіздік – баланың толыққанды дамуы үшін, психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту үшін аса маңызды шарт.	<p>ҮЕҰ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) мектептегі балалардың психологиялық-әлеуметтік күйін талдау; 2) тәуекел аймағындағы балаларды анықтауға арналған жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру; 3) балалардың қажеттіліктерін бағалау жүйесі қажет; 4) балаларды тәрбиелеудің психологиялық аспектілерімен байланысты жобаларды жүзеге асыру; 5) ауыр өмірлік жағдайларға (зорлау, балаға үйде зорлық көрсетілу, ата-анасының ажырасуы, буллинг, секталар мен деструктивті ұйымдар, өз-өзіне қол жұмсау, әумесерлік мінез-құлық және т.б.) ұшыраған оқушылар мен отбасылар үшін жеке кабинеттер арқылы (психологиялық, заңгерлік) көмек көрсету қызметтері бойынша Консультациялау орталықтарын құруға қатысу; 6) өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу үшін зерттеулер мен бағдарламаларды жүргізу. <p>ЖАО:</p> <ol style="list-style-type: none"> 7) мектептерде кәсіби психологтар жоқ, оларды оқыту қажет. 	1)-7) Қордың осы бағытқа қатысу ықтималының нұсқаларын зерделеу, бірінші кезекте кадрларды оқытуды материалдық-техникалық жабдықтау және көмек көрсету бойынша зерделеу.
23.	Цифрлық білім беру	Цифрлық білім беру – цифрлық технологияларды: компьютерлерді, Ғаламтор желісін, электрондық	<p>ҮЕҰ</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қашықтан онлайн оқыту саласындағы жобаларға қолдау көрсету; 2) қолданыстағы барлық білім беру 	1)-8) ҮЕҰ-ң, білім беру ұйымдарының және бизнестің мынадай бастамаларына қолдау көрсету:

		сервистерді және әртүрлі бағдарламаларды пайдалану арқылы білім беру.	<p>материалдардың ата-аналарға қашықтан тегін қолжетімдігін қамтамасыз ету;</p> <p>3) ата-аналар мен педагогтар үшін мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жасау бойынша видео дәрістер түріндегі тұғырнаманы жасау;</p> <p>4) қазақ тілін дәріптеу мақсатында сайттар, қосымшалар мен әлеуметтік желілер арқылы қазақ тілін тегін оқыту жобаларын одан әрі жүзеге асыруға көмек көрсету;</p> <p>5) IT-құралдардың көмегімен ауылдық мұғалімдердің біліктілігін арттыру;</p> <p>6) «Talinger» цифрлық педагог» жобасы. Орташадан төмен бағаға оқитын (үлгерім бағасы «3»), әлеуметтік осал топтардан шыққан балалар мен оқушылар үшін цифрлық педагогтың тәлімгерлік сабағы.</p> <p>7) EdCrunch академиясының «Digital Ustaz» білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамытуға арналған бағдарлама.</p> <p>СТ:</p> <p>8) балалар үшін робот техникасы мен бағдарламалау бойынша бағдарламалар қажет;</p> <p>9) 4 моноқалада Alem бағдарламалау мектебін ашу.</p>	<p>- онлайн-оқытуды дамыту бойынша;</p> <p>- робот техникасын дамыту бойынша;</p> <p>9) үздік халықаралық оқыту тәжірибелеріне (peer-learning) негізделген заманауи бағдарламалау мектептерін өңірлерде ұйымдастыруға қатысу.</p>
24.	Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін дамыту сабақтарының қолжетімдігін қамтамасыз ету	<p>Ерте балалық шақ – бұл дамудың қарқынды кезеңі. Ол барынша тиімді болу үшін баланы белсенді болуға ынталандыру қажет. Мидың жасушалары сыртқы ынталарға пропорционалды дамиды.</p> <p>Қазақстанда балабақшалар</p>	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) балаларды дамыту зертханасын құру қажет;</p> <p>2) даму орталықтарына бару үшін ваучерлерді ұсыну арқылы балабақшаға бара алмайтын мектепке дейінгі жастағы балалар үшін Бағдарламаны жүзеге асыру, бұл баланы әлеуметтендіру үшін және әлеуетін ашу үшін жағдай жасауға</p>	<p>1),2) Қордың осы бағытқа қатысу ықтималының нұсқаларын зерделеу.</p>

		әрбір бесінші балаға қолжетімді емес, 240 мыңнан астам бала бақшаға бара алмайды.	мүмкіндік береді.	
25.	Балаларға қосымша білім беру	Балаларға қосымша білім беру – бұл жалпы білім берудің нұсқалы бөлігін қалыптастыратын білім берудің ерекше түрі, ол білім алушыға жеке тұлға ретінде және кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруға және өзін-өзі белгілеуге, парасат пен шығармашылыққа деген қажеттілігін ұғынуға және барынша жүзеге асыру үшін мақсатқа бағытталған үдеріс ретінде түсіндіріледі.	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) қосымша білім беру жүйесін, мектептерде оқушылардың сыныптан тыс қызметін жетілдіретін жобаларды жүзеге асыру;</p> <p>2) ауылдық мектептерде қандай да бір мамандықтың негіздерін меңгеру мүмкіндігін алу үшін қосымша білім беруді дамытуға қатысу. Барлық мектептерде Қосымша білім беру орталықтарын құру;</p> <p>3) жалпы білім беретін мектептерде Ғылым орталықтарын құру және зертханалар, мектеп жылыжайлары, робот техникасы және т.б. үшін қажет жабдықпен қамтамасыз ету;</p> <p>4) IT дайындықтың мектеп орталықтарын құру;</p> <p>5) мектеп білім беру мекемелерінде ерте кәсіптік бағдарды ұйымдастыруға қатысу;</p> <p>6) мектеп жасындағы балалар үшін қалаларда Science center құру, ол жерде балалардың әлеуетін толыққанды ашу үшін және мансаптық GPS беру үшін шарттар жасалады;</p> <p>7) ауылдық елді мекендерде мектептерде қалаларда мектептерде, әртүрлі мамандандырылған білім беру ұйымдары мен орталықтарында кәсіпқойлар өткізетін IT технологиялар, музыка, спорт, драма, өнер және т.б. бойынша өткізетін сабақтар арқылы білім алушылардың қосымша білім</p>	<p>1)-13) Ағарту министрлігімен және әкімдіктермен бірлесіп, мемлекет жеткілікті күш салмайтын мәселелі аймақтарды анықтау;</p> <p>- ҮЕҰ мен жұртшылық ұсынған жобалар мен идеяларды зерделеу;</p> <p>- жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша балаларға қосымша беру бағдарламасын әзірлеу.</p>

			<p>алуы үшін ваучерлерді ұсыну мүмкіндігін қарастыру;</p> <p>8) «Tanum» креативті технологиялар орталығын қолдау. STEM және IT шығармашылық дағдыларын, Scratch, Minecraft Education бағдарламалаын дамыту;</p> <p>9) Жаңа мамандықтардың атласы. Мамандықты таңдау және кәсіптік бағдар беру мақсатындағы кәсіптік бағдарлау жобасы;</p> <p>10) «Shaniraq Aqtobe» қоғамдық қорының білім беру жобаларына қолдау көрсету;</p> <p>11) мектептерде тұтынушылық білім беруді енгізу;</p> <p>12) мектеп оқушылары үшін елге тарихи және мәдени туризмді енгізу.</p> <p>ЖАО:</p> <p>13) Алматы облысының Қарасай ауданында ауылдық балалар мамандықты, өнерді үйренетін қосымша білім беру мектебін ашу.</p>	
26.	Ауылдық тірек мектердің (ресурстық орталықтардың) әлеуетін дамытуға қатысу	Ауылдық елді мекендердің құрылымында мектеп ерекше орын алады. Мектеп – білім ордасы ғана емес, сондай-ақ мәдени, әлеуметтік және экономикалық құбылыс болып табылады, себебі ауылдың өміріне айтарлықтай әсер етеді.	<p>ЖАО:</p> <p>1) ауылдық мектептердің – тірек мектептер мен шағын жинақты мектептерді жиһазбен және жабдықтармен қамту бойынша әлеуетін дамыту үшін жобаларға қолдау көрсету;</p> <p>2) ауылдық мектептерді заманауи оқу құралдарымен, жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау үшін қаржыландыруға қатысу;</p> <p>3) ауылдық мектептер үшін музыкалық аспаптарды сатып алу;</p> <p>4) ауылдық мектептер үшін спорт</p>	<p>1)-6) «Назарбаев зияткерлік мектебі» мектептер желісімен және өзге серіктестермен өзара әрекеттесу үшін ауылдық елді мекендерде тірек мектептерді (ресурстық орталықтарды) құруға және дамытуға тікелей қатысу;</p> <p>- тұрақты дамыту мақсатында тірек және магниттік мектептердің (соның ішінде шағын жинақты мектептердің) өзара әрекеттесу механизмдерін Ағарту министрлігімен, әкімдіктермен</p>

			<p>алаңдарын жасау;</p> <p>5) тірек мектептердегі «Заманауи мектеп» жобасы.</p> <p>МҚҚ:</p> <p>6) ауылдық мектептерді дамыту бағдарламалары қажет.</p>	<p>пысықтау;</p> <p>- бірқатар облыстарда тірек мектептердің оқытушыларының біліктілігін арттыру бойынша ҮЕҰ жобаларын қарастыру.</p>
27.	Шағын қалалар мен ауылдық елді мекендердегі спорттық инфрақұрылым	Спорттық инфрақұрылымды жасау ауылдық аумақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың маңызды факторы болып табылады.	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) елдің қашық өңірлерінде спорт инфрақұрылымының тапшылығы;</p> <p>2) спорт алаңдары мен залдарының тапшылық мәселесі бар;</p> <p>3) ауылдардың 70%-да доптар жоқ. 1 ауылға шаққанда (құрал-саймандар, доптар үшін) шамамен 400 мың теңге шығады;</p> <p>4) ауылдық елді мекендерде балаларды дене шынықтыруды енгізу қажет;</p> <p>5) гендерлік әртүрлі халыққа спорт нысандарының қолжетімдігін қамтамасыз ету.</p> <p>ЖАО:</p> <p>6) қашық ауылдық елді мекендерде спорттық-реабилитациялау кешендерін салу.</p>	<p>1)-6) Қордың «24 балалар спорт залы» жобасының мысалында және ҮЕҰ-ң өзге бастамаларын ескере отырып, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде спорт залдар мен ғимараттарды материалдық-техникалық жабдықтау бойынша бағдарламаны әзірлеу.</p>
28.	Ауылдық елді мекендердегі ғаламтор	<p>Бүгінгі күні ғаламтор үйдегі жарық пен су сияқты маңызды. Жиынтық деректер бойынша қала тұрғындары ғаламтормен - 99%, электр қуатымен - 98%, сумен - 96%, орталық кәріз жүйесімен - 55%, жылумен - 51% қамтылған.</p> <p>1477 ауылдық елді мекен немесе ауылдардың жалпы санының 23,4% ғаламтормен</p>	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) ауылдық елді мекендерді ғаламтормен қамтамасыз етуге қатысу;</p> <p>2) әкімдіктерді тарту арқылы барлық ауылдық округтар мен ауылдарды ғаламтормен қамтамасыз етудің оңтайлы жолдарын әзірлеу бойынша жобаны сынамалы режимде іске қосу.</p>	<p>1),2) тұрғындарының саны 250 адамнан кем ауылдық елді мекендердегі медицина ұйымдарын, мектептер мен әкім аппаратын ғаламтормен қамтамасыз ету жобасына Қордың қатысу мүмкіндігін зерделеу;</p> <p>- операторлардың және қызметтерді тұтынушылардың алдағы тұрақты және ауыспалы шығындарын өтемей, күрделі шығындарға қатысу есебінен Қор мобильді байланыс</p>

		<p>қамтылмаған. Ол ауылдарда 190 мың адам тұрады. 1673 ауылдық елді мекен немесе ауылдардың жалпы санының 26,5% мобильді ғаламтормен қамтылмаған. Бұл ауылдарда 266,4 мың адам тұрады. 250 адамға дейін тұратын ауылық елді мекендерге басымдық беріледі.</p>		<p>операторларымен өзара әрекеттесуге қатыса алады.</p>
29.	Қоғамдық орталықтарды дамыту	<p>Қоғамдық орталықтар адамдарға тілдесу, білім алу және белгілі қызметтерге қолжетімдік мүмкіндігін береді. Жастарда бару үшін қауіпсіз және қызықты орын болады. Қоғамдық орталықтар білім алу мен шығармашылықты көтермелейді. Әр адам жалғыздықты жүйелі түрде сезінеді. Баруға болатын орынның болуы көптеген адамдар үшін аса маңызды. Кітапханалар ауылдық елді мекендерді әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамытудың маңызды агенттері болып табылады.</p>	<p>ҮЕҰ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) кітапхана қорын ұлғайту және ауылдық кітапханаларды ғаламторға қосу; 2) ауыл жастары үшін ауылдық клубтармен кітапханаларда цифрлық кинотеатрлар жасау; 3) әсіресе ауылдық төңіректердегі халықты цифрландыру қажет және кітапхана арқылы Egov сайтына қоғамдық қолжетімдік орталығын құру қажет; 4) өңірлерде клубтарды ашу; 5) ауылдық елді мекендерде ағылшын тілін қосымша үрету курстарын өткізу; 6) жастардың ауылдан қалаға кетуі, бос уақытты өткізу ұйымдастырылмаған. Концерттер, конкурстар, шебер-сыныптар, жастар ортасының көшбасшыларымен кездесулер және диалогтық алаңдар өткізу қажет. Бұл үшін әр өңірде қажеттіліктерді талдау қажет. 7) салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жобалар; 8) халықты экологиялық тәрбиелеуді дамыту. 	<p>1)-10) «Қоғамдық орталықтарды дамыту» бағдарламасын әзірлеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ауылдық кітапханалардың негізіндегі қоғамдық орталықтарды дамыту нұсқаларын басымдықпен қарастыру; - жұмысты жергілікті қоғамдастықпен, ҮЕҰ-лармен және жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыста атқару.

			<p>ЖАО:</p> <p>9) Қазақстан Республикасының аумағына оралған қандастарымызды (оқытушылар, әлеуметтік қызметкерлер және т.б.) әлеуметтендіру және біліктілігін арттыру бойынша жоба әзірлеу.</p> <p>МҚҚ:</p> <p>10) Шымкент қаласындағы «Отбасы кітапханасының» мысалында «Abai Community Center» қоғамдық орталықтарын ашу мүмкіндігін қарастыру.</p>	
30.	Моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытуға қатысу	<p>Моноқала – бұл өнеркәсіптік өндірістің және еңбекке қабілетті халықтың негізгі бөлігі бір немесе бірнеше, әдетте бір бейінді, қалада болатын барлық экономикалық және әлеуметтік үдерістерді белгілейтін қала қалыптастыратын кәсіпорындарда шоғырланған қала.</p> <p>Моноқалалардың өзекті мәселесі – қла қалыптастыратын кәсіпорындарға тәуелділік, соның салдарынан шағын бизнес әлсіз дамыған, кәсіпорыннан тыс жерлерде кедейшілік деңгейі жоғары.</p> <p>Тағы бір салдарына халықтың көшуі жатады. Осыған байланысты моноқалаларды жан-жақты дамыту шаралары</p>	<p>БФ:</p> <p>1) бізде өңірлердің өміріне кәсіпкерлердің қатысуы бойынша кешенді бағдарламалар бар. Біз әлеуметтік бюджеттің басым бөлігін табыстаған Қор бірлескен жұмысқа қатысуын қалаймыз;</p> <p>2) біздің компаниямыздың ұранының бірі: өңірдің тұрақты дамуы – компанияның тұрақты дамуы. Біздің кәсіпорындарымыз орналасқан моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуына барынша интеграцияланамыз. Қайырымдылық жөніндегі серіктес ретінде Қор осы моноқалаларда жекелеген жобаларды жүзеге асыра алар еді;</p> <p>3) моноқалаларға арналған бағдарламаларды қарап шығу, бұл қалалардың барлығы келешекті емес, бірақ оларда адамдар тұрады және оларға көмектесу қажет;</p> <p>4) қала қалыптастыру корпорациялары өңірлердің әлеуметтік саласын дамыту үшін, корпоративтік табыс салығын еептеген кезде шегеру үшін жұмсаған</p>	<p>1)-3) моноқалаларда қала қалыптастыратын кәсіпорындар болып табылатын Қордың донорларымен моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытуға бірлесіп күш салу туралы Меморандумдар жасасу;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.</p>

		қажет.	барлық шығындарды өтеу мәселесін қарастыру.	
31.	Ұзақ өмір сүру орталықтары	Қазақстанда 65 жастан асқан шамамен 1,5 млн адам тұрады, бұл халық санының 7,8% құрайды. Қазіргі таңда республикада 37 ұзақ өмір сүру орталықтары жұмыс атқарады. 9 орталық коммуналдық мемлекеттік мекеме ретінде ашылған, ал қалғандары әлемуттік тапсырысты ҮЕҰ-да орналастыру есебінен орналастырылған. «Қамқорлық қоры» корпоративтік қоры еліміздің әр өңірінде ұзақ өмір сүру орталықтарын ашуды қосымша жоспарлап отыр.	ҮЕҰ: 1) Әр ауданда, қалада қарт кісілерге арналған Ұзақ өмір сүру орталығын ашқан кезде Қор материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етуге көмектесе ала ма?	1) «Қоғамдық орталықтарды дамыту» бағдарламасына енгізу
32.	Ұзақ мерзімді негізде әуесқой спорттық жарыстардың ұлттық жүйесін ұйымдастыру	Салауатты өмір салтын жүргізу және шама келетін спорт түрімен айналысу анағұрлым маңызды бағытқа айналууда. Белсенді насихаттау жастарды салауатты өмірге назар аударуға ықпал етеді, ересек жаста дене мүсінін жақсы қалыпта ұстаудың маңыздылығын түсіндіреді. Кәсіпқой жарыстармен салыстырғанда, әуесқой жарыстар спорттың қандай да бір түрі бойынша мықтыларды анықтау үшін ғана емес,	ҮЕҰ: 1) қашық аудандардағы балалар үшін аудандық аумақта спартакиадалар өткізу; 2) еліміздің қашық аудандарында тұратын балалар үшін спартакиадалар мен спорттық лигалар ұйымдастыру; 3) бұқаралық спортты дамыту (ауруханаларды немесе спорт алаңдарын салу тиімдірек); 4) зейнетақы жасындағы спорттық белсенді адамдарға ерекше назар аудару; 5) көптеген ауылдарда дене шынықтыру-сауықтыру кешендері бос. Оларға күтім жасауға көп шығын жұмсалады, ал ішінде балалар жоқ. Қор мемлекеттік	1)-6) Қордың осы бағытқа қатысу ықтималының нұсқаларын зерделеу; - ҮЕҰ мен жұртшылық ұсынған жобалар мен идеяларды зерделеу.

		сондай-ақ барлық жастағы азаматтарды өзінің денсаулығына назар аударту үшін өткізіледі.	бағдарламаларды қайталамауы тиіс, қаржыландыру үшін тауашаны таңдауы қажет. Қашық орналасқан кенттерде тұратын балалар үшін спорттық іс-шараларды, лигалар мен жарыстарды ұйымдастыру; б) қашық төңіректерде тұратын балалар үшін футбол лигалары мен чемпионаттарын өткізу.	
33.	Мәдениет ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтау	Кәсіптік дыбыс жазу жабдықтарын сатып алу барлық өңірлік симфониялық оркестрлерге және өзге музыкалық ұжымдарға болашақ ұрпақтар үшін концерттер жазуға мүмкіндік береді.	СТ: 1) мұрағат жазбаларын толтыру мүмкіндігі жоқ, «Қазақстан» концерт залында қымбат жабдықтың болмауына байланысты жұмыс тоқтап қалды; 2) ұлттық театрлар үшін (неміс, ұйғыр және корей тілдеріне) аударуға арналған арнайы жабдықтарды сатып алу.	1),2) қажет жабдықтың негізделген тізбесін қалыптастыру мәнмәтінінде ҰЕҰ-дар мен мәдениет ұйымдарының бастамалары мен ұсыныстарын қарастыру, және алынған ақпараттың негізінде материалдық-техникалық көмек көрсету шараларын белгілеу.
34.	Қолөнершілікті қолдау	Қолөнер дегеніміз шағын топтамалары табиғи тастардан, күрделі емес құралдарды қолдану арқылы қол еңбегімен жасалған бұйымдарды жасау үдерісін білдіреді. Қолөнер балаларды тәрбиелеудегі маңызды компонент болып табылады, жүздеген жылдар бойы жиналған дәстүрлі білімді сақтайды, ұлттың мәдени, когнитивті, мағыналық кодтарынан тұрады.	ҰЕҰ: 1) қолөнершілер үшін инкубаторлар жасау. ЖАО ұсынған орынжай, Қор ұсынған жабдық; 2) жастарға зергерлік ісін үйрету; 3) қолөнермен айналысатын әйелдерге қолдау көрсету. СТ: 4) мәдениет саласында жұмыс жасайтын адамдарға (қолөнершілерге) атаулы көмек (жабдық, орынжай) қажет.	1)-4) Қордың осы бағытқа қатысу ықтималының нұсқаларын зерделеу.
35.	Мәдениет пен өнер бойынша бөлек	Мәдениет қоғамда және адамның өмірінде маңызды	ҰЕҰ: 1) қазақ тілін үйрететін ҰЕҰ-дарды	1)-12) Қордың осы бағытқа қатысу ықтималының нұсқаларын зерделеу.

	ұсыныстар	<p>рөл атқарады, мәдениет адами тәжірибені шоғырландырудың, сақтау мен табыстаудың құралы болады. Мәдениет адамды жеке тұлға етеді. Әлеуметтендіру шамасына қарай, яғни өз халқының, өзінің әлеуметтік тобының және бүкіл адамзаттың білімін, тілін, символдарын, құндылықтарын, нормаларын, дәстүрлерін, ғұрыптарын меңгеру шамасына қарай қоғамның мүшесіне, жеке тұлғаға айналады. Жеке тұлғаның мәдениеті дамыған шығармашылық қабілеттермен, білгірлікпен, өнер туындыларын түсінумен, туған тілі мен шетел тілдерін, байсалдылықпен, жоғары аламгершілікпен еркін меңгерумен ассоциацияланады.</p>	<p>қаржыландыру (Германияның тәжірибесі бойынша). МҚҚ: 2) шығармашылық пен мәдениеттің әртүрлі бағыттары бойынша кәсіптік конкурстарды қаржыландыру; 3) кітап жәрмеңкелерін өткізу; 4) ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін мәдени нысандардың тікелей ғана емес, сондай-ақ онлайн қолжетімдігін қамтамасыз ету; 5) мектеп оқушыларына мұражайларға, театрлар мен кітапханаларға баруға мүмкіндік беретін ресейлік «Пушкин картасының» мысалы бойынша мәдени іс-шараларды дәріптеу бағдарламасын іске қосу; 6) елдің мәдени мұрасын ілгерілету үшін қаржыландыру қажет; 7) біздің мәдениетімізді көрші елдерде ілгерілетуді қаржыландыру; 8) парктерде мәдени орталықтарды жасау; 9) халық музыкасы концерттерін онлайн және офлайн форматта өткізу; 10) рухты көтеру үшін тарихи фильмдерді ұсыру, балаларға арналған анимациялық фильмдерді түсіру; 11) Абай мәдени мұрасының негізінде ақпараттық порталды жасау; 12) мәдениет саласындағы педагогтарды оқыту курстарын ашу.</p>	
36.	Білім беру гранттары	Білім беру гранты – бұл білім беру ұйымдарында оқу ақысын төлеу үшін көрсетілетін қаржылық	<p>ҮЕҰ: 1) колледждерде оқудың материалдық мүмкіндігін жасау; 2) колледждерде оқу үшін, әсіресе</p>	1),2) азаматтардың бөлек санатын ресми білім беру бағдарламаларының аясында оқыту мақсатында ұзақ мерзімді қаржылық

		қолдау.	медициналық қызметкерлерді даярлайтын колледжерде оқу үшін гранттар қажет; 3) ҰБТ бойынша аз балл жинаған мектеп түлектеріне еліміздің кез-келген ЖОО-ға түсуі үшін толық грант беру мүмкіндігін жасау.	қолдау көрсету үшін эндаумент жасау мәселесін пысықтау; 3) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен мәселені пысықтау.
37.	Химиялық тәуелділіктің профилактикасы	Химиялық тәуелділік (есірткі заттары, ішімдік, темекі, темекі қоспалары) бастапқы тәуелділік болып табылады. Ол басқа аурулар мен теріс салдарға әкеп соғады. «Эмоциялық үйрету» әдісі, «өмірлік дағдыларды қалыптастыру» әдісі, «баламалы қызмет» әдісі, ақпараттық және клиникалық дәлелденген тиімді әдістер арқылы профилактикалау.	ҮЕҰ: 1) инфекциялық емес аурулардың (зиянды әдеттер) профилактикасы саласында «Амансаулық» ҚҚ-мен ынтымақтастық ету қажет; 2) «Үміт» ҚҚ-ң жұмысына (есірткі мен ішімдік тұтынатын тұлағалармен жұмыс жасау) қаржылай көмек көрсету қажет; 3) өмірлік дағдыларға үйрету жөніндегі жобаларды жүзеге асыру, соның ішінде есірткіқұмарлық пен басқа зиянды әдеттердің профилактикасы бойынша курстарды өткізу.	1)-3) арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бағдарламалардың аясында Қорға қатысу мүмкіндігін зерделеу.
38.	Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатына сәйкес, норма шығаруды жетілдіру әділ қажеттілік болып табылады, оны жүзеге асырмай, қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік, мәдени және өзге үдерістерге оң әсер ету мүмкін емес.	ҮЕҰ: 1) «Ардагерлер туралы» ҚР заңына өзгерістер енгізу. ҚД: 2) заңдарды, ең алдымен Қор туралы заңды ілгерілету қажет, Қорды институттандыру қажет; 3) Салық кодексін қайта қарастыру қажет. 3% және 4% шегерімдерді 7-8%-дан 100% дейін арттыру қажет; 4) қайырымдылықпен, мүлікті ақысыз табыстаумен, эндаументтерен байланысты барлық заңнамалық блокты өзгерту қажет.	1)-4) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде кешенді талдау жұмысын жүргізу
39.	Үкіметке әлеуметтік дамудың өзекті мәселелері	Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі	ҮЕҰ 1) әртүрлі патологиялары бар балалар үшін бірыңғай реабилитациялық орталықты құру;	1)-11) Қор стейкхолдерлерінің ұсыныстарының және Қордың қайырымдылық қызметінің негізінде

	<p>бойынша жүгіну</p>	<p>тұжырымдамасына сәйкес, әділ қоғамды қалыптастыру жөніндегі мақсаттарға жету үшін мына тапсырмаларды шешу қажет:</p> <p>1) еңбекпен қамтуға, қауіпсіз жұмыс орындарына негіздеген әлеуметтік-еңбек қатынастарының тиімді моделін құру;</p> <p>2) азаматтарға жоғары сапалы медициналық қызметтерді көрсететін инновациялық және қаржылық тұрақты денсаулық сақтаудың жүйесін жасау;</p> <p>3) азаматтарға еңбек нарығында сұранысқа ие біліктілікті, өмір бойы білім алу мүмкіндігін беретін бәсекеге қабілетті және қолжетімді білім беру жүйесін қалыптастыру;</p> <p>4) инклюзивті экономикалық өсуге негізделген әлеуметтік қорғанысың атаулы және кешенді жүйесін дамыту;</p> <p>5) қазақстандықтарды рухани және дене тұрғысынан дамытуға мүмкіндіктер беретін ақпараттық, мәдени және спорттық кеңістікті кеңейту.</p>	<p>2) онкогематологиялық патологиялары бар, амбулаториялық жағдайда қосымша емделіп жүрген емделушілер (туыстары) үшін пансионаттар ашу;</p> <p>3) инклюзивті білім беру және тәрбиелеу мәселелерінде ата-ананың құзыретін арттыру. МҚҚ:</p> <p>4) аз қамтылған отбасылардан шыққан дарынды балалар үшін және мүмкіндігі шектеулі балалар үшін облыс орталықтарында мектеп-интернаттарын ашу. ЖАО:</p> <p>5) Ақтөбе қаласында паралимпиялық хирургия орталығын ашуға қаржылай көмек көрсету;</p> <p>6) ел бойынша ортопедиялық орталықтарды ашу;</p> <p>7) облысты бөлуге байланысты (орталық Талдықорған қаласында ғана) Алматы облысында облыстық онкологиялық орталықты ашу;</p> <p>8) ЭКҰ (Экстракорпоралдық ұрықтандыруды) қаржыландыруға қатысу;</p> <p>9) бастауыш сыныптарының оқытушыларын ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау жөніндегі мамандар ретінде қайта даярлау мәселесін қарастыру;</p> <p>10) 1-топ мүгедектеріне сырғыма баспалдақ жасалады, 2-топ мүгедектеріне әліпелер жасалады, 3-топ мүгедектері назарсыз қалып қояды;</p> <p>11) 29 жастан 39 жасқа дейінгі дарынды жастарды марапаттау, себебі қолданыстағы</p>	<p>қалыптасқан әлеуметтік дамудың өзекті мәселелері баяндалған, сонымен қатар оларды шешу механизмдері мен құралдары бойынша нақты ұсыныстар келтірілген жиынтық құжатты дайындау және Үкіметке жолдау.</p>
--	-----------------------	--	---	---

			сыйлық («Дарын» сыйлығы) олар үшін әрекет етпейді.	
40.	Ғимараттарды салу, жөндеу және иелену	Жергілікті атқарушы органдар бірінші кезекте әлеуметтік нысандарды салуға қаражат тапшылығының мәселесін көтереді.	ЖАО: 1) Түркістан қаласында Балаларға қолдау көрсету орталығында жаңа ғимаратты салу; 2) Қосымша білім беру орталығының ғимаратын салу, сондай-ақ «Мұғалім үйінің» жанында ашу; 3) Түркістан қаласында мүмкіндіктері шектелген балалар үшін реабилитациялық орталықты салу; 4) Оқушылар үйлерін салу; 5) Қарағанды қаласында спорт залын жөндеу және боччамен айналысу үшін қажет спорт құрал-сайманымен жабдықтау; 6) Түркістан облысының жергілікті маңызды тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру. Шәмет, Ишан мешіттері, Ұзын ата кесенесі, Икрам мешіті, Маркоза имам кесенесі; 7) көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана үшін ғимарат сатып алу.	1)-7) «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР заңында және тиісті заңнамалық актілерде құрылыстың инвесторына және тапсырыс берушісіне қойылатын бірқатар күрделі талаптар қарастырылған. Атап айтсақ, техникалық-экономикалық және қаржылық-экономикалық негіздемені, жобалау тапсырмасын, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу, салынған нысанды қолдануға қабылдау және нысанды қабылдау актіні бекіту. Құрылыстың әр кезеңінде еріктестерді тарту, сондай-ақ тапсырыс берушінің атқарымдарын үшінші тарапқа табыстау заңда қарастырылған, алайда бақылау өзекті атқарым болып қалады. Осыған байланысты, орташа мерзімді келешекте Қор құрылыстың инвесторы және тапсырыс берушісі бола алмайды. Осы бөлім бойынша ақпарат «Үкіметке әлеуметтік дамудың өзекті мәселелері бойынша жүгіну» бөлімі бойынша қорытынғы құжатқа ақпарат ретінде енгізіледі.
41.	Емдеудің инновациялық әдістерін дамыту	Емдеудің жаңа әдістері миллиондаған адамдардың өмірлерін құтқарады және өмірінің сапасын жақсартуға	ҮЕҰ: 1) емделушілерді шетелдік клиникаларға жіберу үшін бюджетке түсетін жүктемені азайту үшін, алдағы уақытта осы әдістемені	1) Қордың осы бағытқа қатысу ықтималының нұсқаларын зерделеу.

		көмектеседі. Инновациялық медициналық технологиялар жетіліп, адамдар үшін келешекте көп мүмкіндік ашады.	мемлекеттің кепілдендірілген қызметтеріне енгізу үшін емдеудің инновациялық әдістерін қаржыландыру; Қорға жүгінетін медициналық қызметтерді көрсетудің кемшіліктері бойынша ұсынымдар беру және Үкімет үшін талдау жасау.	
42.	Әлеуметтік жобаларға венчурлік инвестициялау	Венчурлік қайырымдылық – бұл венчурлік капиталды әлеуметтік жобаларға орналастыруға негізделген қайырымдылық. Бұл – венчурлік капиталдың қағидаларын қайырымдылық қызметінде пайдалану. Әлеуметтік инвестициялардан айырмашылығы – келешекті жобаларды, әдетте, инновациялық стартаптарды қаржыландыру.	<p>ҮЕҰ:</p> <p>1) көзі көрмейтін және нашар көретін адамдарға арналған барлық мамандандырылған кітапханалар мен мамандандырылған мектеп-интернаттары үшін Г.Е. Гадрешевтің Брайль өнертапқышының барлық символдарын тактильдік электрондық өздігінен үйреткішін сериялық шығару.</p> <p>2) Г. Гадрешевтың көзі көрмейтін адамдарға музыка үйретуге арналған бағдарламасы.</p> <p>ЖАО:</p> <p>3) «Sezual» биолокаторын шығару үшін қаражат бөлу. Құрылғы жаңғырықтама қағидасы бойынша жұмыс жасайды, адамның геолокациялық көру қабілетін активациялайды, осылайша көзі көрмейтін адамдарға 15 метр радиусындағы үш өлшемдегі заттарды «көруге» көмектеседі.</p>	1)-3) Қордың осы бағытқа қатысу ықтималының нұсқаларын зерделеу.